

Түркістан облысы, Сайрам ауданы «Шаттық» аралас түрдегі
бөбекжайы.

«Бекітемін»
«Шаттық» аралас түрдегі
бөбекжайы меңгерушісі:

Ж. Жумабекова



«Балбөбек» ересек тобы

«Анашым асыл қазынам!»



Тәрбиешілер: Абдижалилова К.П.
Далмурадова Г.С.

Ақсукеңт-2023-2024 оқу жылы

«Анашым асыл қазынам»

Жүргізуші: Құрметті аналар, әжселер, әпкелер және ару қыздар! Көптен күткен 8-наурыз Аналар мерекесі де келіп жетті. Барлықтарыңызға мереке құтты болсын! Жан жадыратар қуаныштарыңыз мол болсын! Асыл армандарыңыз орындалып, денсаулықтарыңыз мықты болсын!

Той тойлап дала менен қалаларын,
Мерекең құтты болсын аналарым.
Қаракөз қыз, абзал ана мерекесін,
Құттықтауға келіп тұр балаларың!- дей келе
«Жасұлан» ересек топ балаларын қошеметпен ортаға шақырамыз.

(Балалар музыкамен ортаға шығады)

Жүргізуші: Құрметті қонақтар бүгін біздің **«Балбөбек»** ересек топ бүлдіршіндері дайындаған **«Анашым асыл қазынам»** атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Ертеңгілігімізді ашып беру үшін сөз кезегін балабақшамыз меңгерушісі: **Салтанат Досымбекқызына** береміз.

Жүргізуші: : Құрметті аналар!
Әжселер!
Әпкелер!
Қарындастар!
Сіздерді мерекелеріңізбен

Бәрі: Құттықтаймыз!

Жүргізуші: Қандай өнегелі балаларсыңдар! Қане, жайғасып отыра қойыңдар! Көктемнің алғашқы мерекесі-Аналар күні. Сіздер аналарыңды бұл күні қалай қуантасыңдар?

Балалар:-Үй жинаймыз.

-Тентек болмаймыз.

-Ыдыс жуамыз.

-Еден сыпырамыз.- Жарайсыңдар балалар ! Ал енді біздің аяулы аналарымызға арналған тақпақтарды тыңдайық.

Төлеш: Әр сөзімді жаттаған
Жүрегіне сақтаған
«Анашым» деп мақтанам
Айналайын ақ мамам.

Ерқанат: Үн қатамын бал тілмен
Еркелеймін әр күн мен
Құттықтаймын анашым,
Сегізіңші наурызбен!

Айзере: Сенен өскен балалар
Батырлар мен даналар,
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті апа-аналар!

Іңкәр: Жүре берші қасымда
Әйбат анам әй анам,
«Ботам» деген сөзіңнен
Мен мәз болып оянам!

Жүргізуші: Балалар, айналаға көз салайықшы. Көктем күн шуағын төгіп тұр. Көктемгі күннің шуағынан гүлдер қауызын ашып, жадырап, жарқырайды. Айнала толған қызыл—жасыл гүлдер. Біз гүл бағына келген сияқтымыз.... (музыка әуенімен көктем кіреді)

Көктем ханшайымы: Сәлеметсіңдерме балалар, мен көктем ханшайымымын. Менің гажайып гүл бағыма қош келдіңдер. Қандай әдемі болып, құлпырып кеткенсіңдер!

Жүргізуші: Амансың ба, Ару көктем? Ұлан - байтақ жерімізге қош келдіңіз. Шуағыңды шаттандырып, нұрыңды мол төгебер. Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді.

Көктем ханшайымы: Сендер қандай мерекені тойлап жатырсыңдар?

Балалар: Аналар мерекесін, әжелеріміздің, аруларымыздың мерекесін тойлап жатырмыз.

Көктем ханшайымы: Жарайсыңдар, балалар! Өте ақылды екенсіңдер!

Жүргізуші: Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді. Себебі олар аналарының мерекесіне өз өнерлерін сыйға тартпақшы.

Көктем ханшайымы: Иә, мен де сендерді құттықтауға өзімнің әсем гүлдерімді жинап жүрмін. Ендеше, бүлдіршіндеріміздің қандай өнерлері бар екенін, тамашалайық.

Ән: «Ай дидарлы анашым»

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар! Ал енді кезекті аналарымызға арналған тақпақтарға берейік.

Омар: Еркелесем күлімдейтін
Ұрысқаны білінбейтін
Маңдайымнан иіскеп менің
Құлыншағым, күнім дейтін.

Кәусар: Ақ қабақты анашым
Күн сәулелі анашым!
Әлпештеген баласын,
Айналайын анашым!

Рустам: Ана біздің гүліміз
Ана біздің күніміз
Бізді ана қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз!

Али: Әлпештеген баласын,
Ана бақыт, Ана күн.
Әркім сүйіп өзінің
Мақтан етер баласын.

Жүргізуші: Мың бұралып би билеп,
Шығамыз біз ортаға.
Бүгінгі той тамаша,
Қуанамыз балаша, -дей келе аруларымыздың «Гүлдер» биін қабыл алыңыздар!

Би: «Гүлдер»

Жүргізуші: Қане балалар бүгін біздің аруларымыздың да мерекесі ия. Қыздардың көңілін көтеру мақсатында бір ойын ойнайық.

Ойын: «Қыздарға гүл сыйлау»

Жүргізуші: Аналардың мейірімі ерекше,
Талпындырған асулар мен белеске.
Аямаған шуағы мен жан нұрын,
Берші анама бар жақсылық, тәңірім!! – деп тілей отырып
балалардың орындауында «Анажсаным» әнін қабыл алыңыздар.

Ән: «Анажсаным»

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар! Ал енді кезекті біздің сүйікті
әжселерімізге арналған тақпақтарға берейік.

Жамбыл: Әже деген көп шығар
Әжемдей менің жоқ шығар
Мейірімді бұл кісі,
Қандай газжап күлкісі.

Алинур: Өзің мені өсірген
Айналайын ақ әжем
Тентек болсам кешірген
Балдай тәтті бал әжем!

Рубия: Ақ әжемді әрқашан
Сыйлап жақсы көремін
Қуантайын деп оны,
Өлең айтып беремін.

Мариям: Әжем менің әлі де
Ұқсамайды кәріге
Шай қайнатып береді
Біздің үйдің бәріне.

Жүргізуші: Қош келіңіз ақ жаулықты аналар!

Жүздеріңнен мейірім мен нұр тамар.

Алдарыңда жауқазындай құлпырған

Біз алаңсыз балғын шақты балалар.

«Жасұлан» ересек топ балаларының қыздарымызға, аналарына, әжселеріне
арнап билері бар екен.

Би: «Жігіттер»

Көктем ханшайымы: Жарайсыңдар балалар! Сендер өте өнерлі
екенсіңдер. Өнерлерің өрге жүзсін. Ал енді менің кететін уақытым болды.

Бау бақшамнан хабар алайын. Көріскенше күн жақсы. Мереке тағы бір рет
құтты болсын. Сау болыңдар.

Жүргізуші: Ал енді балалар, кезекті және тақпақтарға берейік.

Айкөркем: Шашымды өріп тараған
Қабағыма қараған
Үлкен кіші демейді
Сыйлайды оны бар адам.

Ердаулет: Анам, анам ақ анам
Мен өзіңдей ақ балаң
айтқан тіліңді аламын
Жұмсағанда барамын.

Алинур: Әлпештеген аялаған
Ақ сүт берген апатайым
Сәлем жазып бүгін саған,
Мейрамыңмен құттықтаймын.

Ақарыс: Ақ анашым аппағым
Өзің жайлы тақпағым
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрінде.

Асылжан: Мені жақсы көреді
Күндей күліп жүреді.
Көп ертегі біледі
Маған айтып береді.

Раяна: Жарқын жүзді жан анам
Сендей болсын бар адам
Сендей болса бар адам,
Шаттық кетпес баладан.

Ойын: «Кір жуу»

Шарты: жуылған киімдерді жіпке кім ілу. Балаларды шатшаңдыққа үйрету.

Жүргізуші: Астанамыз тұнып тұрған бау болсын,
Сүті теңіз, еті ерен тау болсын,
Бала үшін түн ұйқысын төрт бөлген,
О, аналар!! Дендеріңіз сау болсын!!
Мерекелеріңіз мәңгілік болсын! – Біздің «Балбөбек» ересек
тобының бүлдіршіндерінің орындауында би «Анашым».



“Аяулы Анашым” ертеңгілігі. “Балбөбек” тобы

